

**Таратылатын кәсіпорындардың қызметкерлеріне жәрдемақы төлеудің
механизмін енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 22 мамырдағы N 729. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес әрі шығынды кәсіпорындардың банкроттығы мен таратылуының әлеуметтік салдарын төмендету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін және банкроттық туралы заңға сәйкес таратылған кәсіпорындардың мүлкін өткізуден алынған қаражаттың мемлекеттік үлесі Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің есеп айырысу шотына жіберілсін;

аталған қаражат таратылатын кәсіпорындардан босатылатын қызметкерлердің екі айлық жалақысы мөлшерінде жәрдемақының жетпеген сомасына өтемақы үшін пайдаланылсын;

таратылатын кәсіпорындардан босатылатын қызметкерлерге жәрдемақы төлеу процедурасы аяқталғаннан кейін осындай қаражаттың қалдығы мемлекеттік бюджетке жіберілсін;

2. Аталған қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

3. Қызметкерлері жәрдемақымен қамтамасыз етілуге жататын таратылатын кәсіпорындардың тізімі қоса беріліп отыр.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 22 мамырдағы
N 729 қаулысына
қосымша

**Қызметкерлері екі айлық жалақы мөлшеріндегі
жәрдемақымен қамтамасыз етілуге жататын
таратылатын кәсіпорындардың**

Тізімі

"Гарант" АҚ, Ақтөбе облысы
"Ақтас" АҚ, Ақтөбе облысы
"Шалқарқұрылыс" АҚ, Ақтөбе облысы
"Қиыршық тас зауыты" АҚ, Жамбыл облысы
"Құрылыс-монтаж басқармасы - ҚМБ" АҚ, Жамбыл облысы
"Монолит құрылыс фирмасы" АҚ, Семей облысы
"Барлау" АҚ, Атырау облысы
"Қайрақтыауырқұрылыс" АҚ, Жезқазған облысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК